2025 ЖЫЛҒЫ
24-25 МАУСЫМ

«САЙЛАУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР» ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі:

2025 ЖЫЛҒЫ 24-25 МАУСЫМ

Оқу ұзақтығы: **20 академиялық сағат**

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Өкілеттіктерін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері – ақпараттық сүйемелдеу мен заң мәселелеріне жауапты сайлауды ұйымдастырушылар (80 адам)

КУРСҚА ШОЛУ

PRE-MODULE

Тыңдаушылар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңын, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 Конституциялық заңын алдын ала өз бетінше зерделеп, қайталағаны жөн.

Сонымен қатар, тыңдаушыларға оқыту курсының бағдарламасы, тренерлер туралы қысқаша ақпарат және басқа да қажетті материалдар жолданады

OFFLINE MODULE

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Электоралдық оқыту орталығының базасында оқыту курсының бағдарламасына сәйкес өткізіледі

POST-MODULE

Қатысушыларға оқу барысында игерген білімдері мен дағдыларын бекіту үшін оқыту курсының тақырыбы бойынша материалдар жолданады.

Сертификатталған тыңдаушылар өз өңірлерінде жаңадан игерілген құзыреттерді қолдана отырып, каскадты әдіс бойынша оқыту жүргізеді

МАҚСАТЫ

Аумақтық сайлау комиссиялары мүшелерінің тиімді коммуникациялар, БАҚ-пен жұмыс және сайлау процесін ұйымдастыру мен өткізудің заңдық аспектілері саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыру

МІНДЕТТЕРІ

1) қатысушыларды сайлау заңнамасындағы өзекті өзгерістермен таныстыру;
2) өңірлерде сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің практикалық мәселелерін талқылау;
3) АСК мүшелерінің тиімді коммуникациялар, көпшілік алдында сөз сөйлеу, БАҚ-пен жұмыс және жергілікті басқару органдарымен өзара іс-қимыл саласындағы құзыреттерін арттыру;
4) сайлау кезінде дағдарысты басқару, заңдық талдау және жанжалды жағдайларды шешу дағдыларын дамыту;
5) сайлау науқандары жағдайында тиімді жұмыс істеу үшін АСК мүшелерінің эмоционалдық интеллектісі мен стресске төзімділігін күшейту;
6) тиімді коммуникациялардың және құқықтық мәселелерді реттеудің үздік өңірлік тәжірибелерін ұсыну (Ақмола, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының мысалында)

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Оқыту нәтижелері бойынша қатысушылар АСК-ның коммуникациялық және құқықтық қызметінің негізгі аспектілері, соның ішінде заңнамадағы өзекті өзгерістер, табысты өңірлік тәжірибелер, БАҚ-пен және жергілікті басқару органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері туралы тұтас түсінік қалыптастырады. Дағдарыстық коммуникациялар және беделді басқару саласындағы кәсіби құзыреттерін нығайтады, құқықтық даулар мен жанжалды жағдайларды талдау және шешу дағдыларын жетілдіреді. Қатысушылар тиімді коммуникацияның заманауи әдістерімен танысып, эмоционалдық интеллектілері мен күйзеліске төзімділіктерін арттырады. Алған дағдыларын өңірлік деңгейде қолдануға дайындығын күшейтеді

ОҚЫТУДЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қонақ дәрістер, интерактивті пікірталас, brainstorming, тәжірибелік сабақ, топтық жұмыс, case-study, тестілеу

OFFLINE MODULE

Астана қ., Абай даңғылы, 33а — 24-25 маусым 2025 ж.

ЛЕКТОРЛАР / ТРЕНЕРЛЕР

АЗАМАТ САҒАТҰЛЫ ЖОЛМАНОВ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры

Еңбек жолын ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Сыртқы байланыстар және инвестициялар департаментінің сарапшысы лауазымынан бастады. Әр жылдары ҚР Президентінің жанындағы МБА-ның Ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі, директордың орынбасары, Мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби дамыту институты директорының орынбасары, Академияның Қарағанды облысы филиалының директоры, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Стратегиялық әзірлемелер және халықаралық бағдарламалар департаменті директоры қызметтерін атқарды.

2022 жылдан 2025 жылға дейін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті.

2025 жылдың 27 ақпанында ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры лауазымына тағайындалды.

«Құрмет» орденімен марапатталған

ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында оқыту курсынан өткен.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде мол тәжірибесі бар. Жастар ұйымдарында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған, Батыс Қазақстан облысы әкімінің және Ақжайық ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV, V және VI шақырылымдарының депутаты болып сайланған.

2022 жылдан бастап ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, 2024 жылғы қарашадан бастап Орталық сайлау комиссиясының хатшысы.

«Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған

АЗАМАТ МАҚСОТҰЛЫ АЙМАНАКУМОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Франция Әкімшілігінің Ұлттық мектебінде (École Nationale d ' administration, ENA) оқыған.

Мемлекеттік қызмет және сайлау органдары жүйесінде еңбек өтілі мол. Атырау облысы әкімінің аппаратында әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарған, Махамбет ауданы әкімінің орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымдарын атқарған, сондай-ақ Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясын бес жылдан астам уақыт басқарған.

2024 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі.

«Құрмет» орденімен марапатталған

АСЫЛБЕК АЙЖАРЫҚҰЛЫ СМАҒҰЛОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

Құқық ғылымдарының докторы, профессор. 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы.Құқық қорғау органдары жүйесінде, ғылыми және заң шығару қызметінде мол тәжірибесі бар. Қаржы полициясы академиясында кафедра меңгерушісі және басшылық лауазымдарда қызмет атқарған, ҚР Заңнама институтын басқарған. 2016-2020 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты.

2020 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі.

«Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Құқық тәртібін қамтамасыз ету еруге қосқан үлесі үшін», «Әділет органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен, мерейтойлық медальдарымен, сондай-ақ бірқатар мемлекеттік органдардың құрмет грамоталарымен марапатталған

ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ СҮЙІНДІК

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

«Болашақ» бағдарламасының түлегі, Шеффилд университетінің (Ұлыбритания) магистрі.

Мемлекеттік ақпарат және коммуникация саласында мол тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, сондай-ақ Инвестициялар және даму министрлігінің салалық комитеттерінде, «Хабар» агенттігі» АҚ-да басшылық лауазымдарды атқарған.

2024 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған

ҚАНАТ ЖҰМАБАЙҰЛЫ ЫСҚАҚОВ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі

Ақпараттық саясат, стратегиялық коммуникациялар және қоғаммен өзара іс-қимыл саласында мол тәжірибесі бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде қызмет атқарып, Президенттің баспасөз қызметі секторын басқарған. Сонымен қатар, Ақпарат комитетінің төрағасы және Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі лауазымдарын атқарған.

Мемлекеттік деңгейде коммуникациялық қызметті ұйымдастыру мен үйлестіру бойынша ауқымды және жан-жақты тәжірибеге ие

ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Бұқаралық ақпарат құралдарымен және қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл бөлімінің меңгерушісі

Саясаттанушы, заңгер, «Халықаралық даму (қақтығыстану, қауіпсіздік және даму)» мамандығы бойынша магистр, «Болашақ» бағдарламасының түлегі (Ұлыбритания, Бирмингем университеті).

Әр жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде, Қызылорда облысы әкімдігінде, «Nur Otan» партиясының Орталық аппаратында, сондай-ақ «Elorda Aqparat» ЖШС-де басшылық лауазымдарды атқарған.
2023 жылдың тамыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында қызмет атқарады.
Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен және мерейтойлық медальдармен (2009, 2011 және 2018 жж.) марапатталған

БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Заң бөлімінің меңгерушісі

Әділет органдарында мемлекеттік сот орындаушысы лауазымынан бастап жұмыс тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүйесінде ұзақ уақыт бойы қызмет атқарып, маманнан бастап басшылық лауазымдарға дейінгі жолдан өтті. Қызмет барысында құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметтер көрсету және әділет саласындағы цифрлық трансформация мәселелерін үйлестірумен айналысты.
Құқық қолдану, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және ведомствоаралық өзара іс-қимыл салаларында мол тәжірибеге ие.
2023 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында қызмет атқарады.
Әділет органдарының дамуына қосқан елеулі үлесі мен кәсіби шеберлігі үшін «Әділет органдары қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған

АСЫЛАНБЕК ЗИННАТҰЛЫ ҒҰБАШЕВ

Батыс Қазақстан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер.
1989 жылы журналистік қызметін Батыс Қазақстан облыстық телерадио компаниясының редакторы болып бастаған. Әр жылдары «Қазақстан» Республикалық телерадио корпорациясы» АҚ-ы Батыс Қазақстан облыстық филиалының бас редакторы, директоры лауазымдарында қызмет еткен.
2023 жылдың қаңтарынан Батыс Қазақстан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі.
Теледокументалист, бірнеше тележобалардың және деректі фильмдердің авторы.
«Құрмет» ордені (2021 жыл), «Ерен еңбегі үшін» медалі (2016 жыл), «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі (2015 жыл), «Қазақстан» РТРК» АҚ-ы «Алтын жаршы» төсбелгісімен (2006 жыл) марапатталған

АБАЙ ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ ТАҒЫБЕРГЕН

Қызылорда облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер.
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының тренері, медиалектор. Әр жылдары Қызылорда облысы әкімінің аппаратында, Қызылорда облыстық телерадиокомпаниясында, Өңірлік коммуникациялар қызметінде, облыстық ақпараттық платформаларда баспасөз хатшысы, баспасөз қызметінің басшысы, бас редактор, SMM маманы ретінде медиакоммуникация саласында қызмет атқарған.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Тележурналист, авторлық жобалардың бастамашысы.
Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен марапатталған (2012, 2024 жж.), «Сыр үміті», «Самғау» сыйлықтарының, сондай-ақ «Ақпарат үздігі – 2021», «Жас дарын», «Қуатты қалам», «Ұшқыр қалам», «Сыр дарыны» номинацияларының иегері

КАДЫРГАЗЫ ЖУМАГАЗЫЕВИЧ МАМИЛИН

Ақмола облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер.
Әр жылдары Ақмола облысы әкімінің аппаратында, «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-та, көліктік бақылау инспекциясында және прокуратура органдарында қызмет атқарған. Мемлекеттік-құқықтық жұмыс, мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету саласында бас маман, тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспектор, облыстың аға прокуроры лауазымдарында қызмет еткен.
Сайлау заңнамасы мен құқықтық реттеу саласында тәжірибесі мол маман ретінде «Сайлау процесін құқықтық сүйемелдеу» тақырыбында оқыту курсын жүргізеді. Сонымен қатар, сайлау науқандарында туындайтын құқықтық мәселелерді талдау және шешу бағытында практикалық ұсынымдар берумен айналысады

МАҒРИПА ҚАЙЫРҚЫЗЫ НЫҒЫШЕВА

Батыс Қазақстан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі

Электоралдық оқыту саласындағы сертификатталған тренер.
Әр жылдары Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында, Орал қаласы әкімдігінде және облыстың өзге де мемлекеттік мекемелерінде заң мәселелері жөніндегі маман, сондай-ақ құқықтық салада басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. Сонымен қатар, БҚО бойынша Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының өкілі ретінде де жұмыс істеген.
Көп жылдар бойы Батыс Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасында директордың құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары лауазымында еңбек етіп, кәсіпкерлік құқық саласының дамуына өз үлесін қосты. Сондай-ақ БҚО әкімдігі Цифрлық технологиялар басқармасына қарасты «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ директорының орынбасары қызметін атқарған.
2023 жылдан бастап Батыс Қазақстан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі болып табылады

АЛТЫН ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшы-тренері

Филология ғылымдарының кандидаты (лингвист-зерттеуші), қазақ және орыс тілдері бойынша аудармашы, СТ РК ISO 21500-2014 және РК СТ ISO 21502-2022 IV схемасы бойынша ұлттық стандарттарға сәйкес сертификатталған жоба жетекшісі және тренер-кеңесші, IPMA халықаралық стандарты бойынша сертификатталған жоба менеджері, дизайн-ойлау әдіснамасы бойынша сертификатталған фасилитатор, HR-менеджмент бойынша дипломы бар маман, менеджмент, коммуникация, ғылыми зерттеу негіздері мен лингвистикалық зерттеулер салалары бойынша сарапшы-тренер, ғылыми жобалардың кеңесшісі және орындаушысы, ғылыми жарияланымдар мен кітаптардың авторы, 23 жылдық басшылық тәжірибесі бар, жалпы еңбек өтілі — 28 жыл

КЫМБАТ КОШКИНБАЕВНА САГАДИЕВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының бизнес-тренері

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, «Педагогика және психология» бағыты бойынша PhD докторанты.

Мәдениетаралық коммуникация, шешендік өнер, сыни ойлау және ғылыми зерттеу әдістемесі пәндерін оқытуда мол тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік қызметшілерге арналған шешендік өнер, сыни ойлау және тиімді коммуникациялар бағыттары бойынша авторлық курстар оқиды және тренингтер жүргізеді. Жеті жыл бойы өңіраралық студенттік пікірсайыстарды ұйымдастырып келеді және «Lingua Discovery» жас спикерлер клубының (тілдерді оқыту бағытындағы) жаттықтырушысы, клуб НАО «ҚарТУ» базасында жұмыс істейді. Польша, Чехия және Түркияның жетекші университеттерінде тағылымдамадан өткен, сондай-ақ АҚШ-тың University of Pennsylvania зерттеу университетінде 2020-2023 жылдар аралығындағы бағдарлама аясында «Жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия және математика салаларын оқытуға арналған ағылшын тілі» курсы бойынша білім алған. КОКСНВО, РИНЦ, Web of Science базаларында индекстелетін отандық және халықаралық ғылыми журналдарда 50-ден астам ғылыми жарияланымның, сондай-ақ 1 оқулықтың, 2 оқу құралының және 2 монографияның авторы

ӘЙГЕРІМ САҒАТБЕККЫЗЫ ТАЖИЕВА

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Аппаратының Электоралдық оқытуды ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистратурада білім алған.

Францияның Париж қаласындағы Париж I Пантеон-Сорбонна университетінде «French Administration: Modernization and Transformation» тақырыбында тағылымдамадан өткен. Сондай-ақ, кәсіби және жеке құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған бірқатар халықаралық және отандық семинарлар мен тренингтерге қатысқан. Сайлау процестері саласында, оның ішінде ақпараттық-талдамалық, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстарда жоғары кәсіби тәжірибесі бар.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында еңбек жолын 2006 жылы аға маман қызметінен бастады. Әр жылдары сайлау процесін ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, ҚР ОСК аппаратының талдау және коммуникациялар бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл», «Үздік мемлекеттік қызметші» медальдарымен және «Сайлау органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған

ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Электоралдық оқыту орталығының басшысы

Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру саласында мол тәжірибеге ие. 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында әр түрлі лауазымдарда қызмет атқаруда. Алматы қаласы және Алматы облысындағы Академия филиалдарын басқарды, 2021 жылы Электоралдық оқыту орталығын құру мен ашуға елеулі үлес қосты. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының электоралдық оқыту бойынша 150 тренерді даярлау жөніндегі пилоттық жобасын жүзеге асыруға белсенді қатысты.

Адам ресурстарын басқару саласында сертификатталған тренер-консультант, асессор (SHL), жобаларды басқару менеджері, ішкі аудитор, сондай-ақ сәйкестік басқару жүйелері (ISO 37301:2021) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (ISO 37001:2025) менеджері

2025 ЖЫЛҒЫ 24 МАУСЫМ, СЕЙСЕНБІ

Аудитория: **КӨК ЗАЛ / ҚЫЗЫЛ ЗАЛ ХОЛЫ**

08:30 – 08:50	*Қатысушыларды тіркеу*	
08:55 – 09:00	**ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ АШЫЛУЫ** **МОДЕРАТОР – ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА**	
09:00 – 09:05	**АЛҒЫ СӨЗ** **ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ**	
09:05 – 09:45	**ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН НОВЕЛЛАЛАР** **ШАВХАТ ӘНЕСҰЛЫ ӨТЕМІСОВ** ***Сұрақ-жауап***	
09:45 – 10:25	**ӨҢІРЛЕРДЕ САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ** **АЗАМАТ МАҚСОТҰЛЫ АЙМАНАКУМОВ** ***Сұрақ-жауап***	
10:25 – 10:45	*Үзіліс*	
10:45 – 10:55	**ТОПТАРҒА БӨЛУ**	
11:00 – 13:00	**1-топ** **Коммуникациялар және БАҚ-пен іс-қимыл** ***Ауд. – Көк зал***	**2-топ** **Құқықтық және заң мәселелері** ***Ауд. – Қызыл зал холы***
	Тренинг: СТРЕССТІ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ **АЛТЫН ҚУАНЫШБЕККҚЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА**	**Тренинг: АУДИТОРИЯМЕН ТИІМДІ ӘРЕКЕТТЕСУ: КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ** **КЫМБАТ КОШКИНБАЕВНА САГАДИЕВА**
13:00 – 14:30	*Түскі үзіліс*	
14:30 – 15:50	**ДАҒДАРЫСТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ** ***Қонақ дәрісі*** **ҚАНАТ ЖҰМАБАЙҰЛЫ ЫСҚАҚОВ**	

16:00 – 18:00	**2-топ** ***Ауд. – Көк зал***	**1-топ** ***Ауд. – Қызыл зал холы***
	Тренинг: СТРЕССТІ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ **АЛТЫН ҚУАНЫШБЕККҚЫЗЫ БАҚЫТЖАНОВА**	**Тренинг: АУДИТОРИЯМЕН ТИІМДІ ӘРЕКЕТТЕСУ: КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ** **КЫМБАТ КОШКИНБАЕВНА САГАДИЕВА**

2025 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМ, СӘРСЕНБІ

Аудитория: **КӨК ЗАЛ / ҚЫЗЫЛ ЗАЛ/ҚЫЗЫЛ ЗАЛ ХОЛЫ**

08:30 – 08:50	*Қатысушыларды тіркеу*	
	1-топ **Коммуникациялар және БАҚ-пен іс-қимыл** ***(Ауд. – Қызыл зал/Қызыл зал холы)***	**2-топ** **Құқықтық және заң мәселелері** ***(Ауд. - Көк зал)***
	09:00 – 10:20 **САЙЛАУ НАУҚАНДАРЫН ӨТКІЗУ:** 1) сайлау науқандарын ақпараттық сүйемелдеу; 2) үгіт; 3) ұлттық байқау мәселелері 4) әлеуметтік желілерді әкімшілендіру **ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ**	***09:00 – 09:40*** **ТЕСТІЛЕУ** **БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ**
	10:20 – 11:00 **ТЕСТІЛЕУ** **ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ**	**09:40 – 11:00** **2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ СОТТАҒЫ ТАЛАПТАРҒА ШОЛУ** **АСЫЛБЕК АЙЖАРЫҚҰЛЫ СМАҒҰЛОВ**
11:00 – 11:20	*Үзіліс*	*Үзіліс*

11:20 – 12:40	**САЙЛАУ НАУҚАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ:** 1) алдыңғы науқандарды өткізудің кейбір мәселелері; 2) дағдарысқа қарсы коммуникациялар; 3) кейстік жағдаяттарды шешу **ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ СҮЙІНДІК**	**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ** **ӨТКЕН НАУҚАНДАРДЫҢ КЕЙСТЕРІН ТАЛДАУ** **БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ**
12:40 – 14:00	*Түскі үзіліс*	
	14:00 – 15:20 **КЕЙСТЕРДІ ТАЛДАУ** **ЛӘЗЗАТ КЕНЕСҚЫЗЫ СҮЙІНДІК** **ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ**	**14:00 – 14:40** **САЙЛАУ ЦЕНЗДЕРІНІҢ СТАНДАРТТАРЫ** **БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ**
Т Ә Ж І Р И Б Е А Л М А С У: ӨҢІРЛІК ПРАКТИКАЛАР		
1-топ *(Ауд. – Қызыл зал холы)* **КОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАҚ-ПЕН ІС-ҚИМЫЛ**		**2-топ *(Ауд. – Көк зал)*** **ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
	15:20 – 16:00 **ӘКІМ ЛАУАЗЫМЫНА КАНДИДАТТАР АРАСЫНДА САЙЛАУАЛДЫ ПІКІРСАЙЫС ӨТКІЗУ:** БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАСЫ **АСЫЛАНБЕК ЗИННАТҰЛЫ ҒҰБАШЕВ** **Батыс Қазақстан облыстық АСК мүшесі**	**14.40 – 16.00** **САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК** **ҚАДЫРҒАЗЫ ЖҰМАҒАЗЫҰЛЫ МАМИЛИН** **Ақмола облыстық АСК мүшесі**
16:00 – 16:20	*Үзіліс*	*Үзіліс*

	16:20 – 17:00 **САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН АҚПАРАТТАНДЫРУДАҒЫ МЕДИАКОММУНИКАЦИЯ ЖОБАЛАРЫ:** ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ **АБАЙ ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ ТАҒЫБЕРГЕН** Қызылорда облыстық АСК мүшесі	**16.20 – 17.40** **ӘКІМДЕР САЙЛАУЫН ӨТКІЗУДЕГІ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР** **МАҒРИПА ҚАЙЫРҚЫЗЫ НЫҒЫШЕВА** Батыс Қазақстан облыстық АСК мүшесі
17:00 – 17:40	***Сұрақтар - жауаптар***	
	ТЕСТІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ	
17:40 – 17:50	**ЕРЛАН ЖАҒЫППАРҰЛЫ ҚАРАБАЛАЕВ**	**БАУЫРЖАН МАРҒҰЛАНҰЛЫ ТҰРҒАНБАЕВ**
17:50 – 18:00	**КЕРІ БАЙЛАНЫС САУАЛНАМАСЫ**	
18:00 – 18:20	**ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ** **ЭЛЕКТРОНДЫ СЕРТИФИКАТТАРДЫ ТАБЫСТАУ** **ӘЙГЕРІМ САҒАТБЕККЫЗЫ ТАЖИЕВА** **ӘЙГЕРІМ ЖЕҢІСҚЫЗЫ ӘБІЛОВА**	

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Бағдарлама бойынша:
Қадыркеева Әнипа Кеңесқызы +7 702 269 57 24
Карибаева Инара Куатовна +7 771 316 98 78
Қатысушылар бойынша:
Ибрайханова Мархабат Серікқалиқызы +7 777 789 27 75
Құрмаш Жанель Рамазанқызы +7 707 715 75 80

ӨТКІЗУ ОРНЫ

Астана қаласы,
Абай даңғылы, 33а

БІЗ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ

Инстаграм
@apa.kz

Инстаграм
@sailay_edu.apakz

Телеграм
Lifelong learning | APA KZ

РЕСМИ САЙТ:

https://www.apa.kz/

https://www.election.gov.kz/